

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 сәуірдегі N 599 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 31 шілде N 1040. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Лизинг жөніндегі департаменттің қызмет мәселелерін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Лизинг жөніндегі департамент туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 сәуірдегі N 599 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы. 1995 ж., N 16, 180-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

5-тармақтан "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті қызметкерлерінің саны шегінде" сөздері алынып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

"6. Лизинг жөніндегі департамент аппаратын ұстаудың шығындарын қаржыландыру мемлекеттік басқару органдарын ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады".

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі